

«Алматы облысының
білім басқармасы» ММ-ң
«Талғар агробизнес және
менеджмент колледжі»
МКҚК



ГККП «Талгарский колледж агробизнеса и
менеджмента»
ГУ «Управление образования Алматинской
области»

ҚАРАЛДЫ

педагогикалық кеңесте

№ хаттама 1

« 31 » 08 2023 ж.



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Д.Б.Бозымбекова

« 31 » 08 2023 ж.

Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

Талғар – 2023 ж

«Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» МКҚК 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары
Колледждің Педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді.
(№1 хаттама, 28 тамыз 2023 жыл)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 1. Колледж миссиясы және көзқарас, мақсаты**
 - 1.1. Колледждің төлқұжаты**
 - 1.2. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару**
 - 1.3. Қызметті дамытудың негізгі параметрлері**
 - 1.4. Ұйымның қызметіндегі мықты және осал жақтарға талдау (SWOT)**
- 2. Дамытудың стратегиялық бағыттары: мақсаттар, міндеттер**
- 3. Күтілетін нәтижелер**
- 4. Ұйымның стратегиялық картасы**
- 5. Ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштері**
- 6. Стратегиялық бағыттар шеңберінде тәуекелді басқару жүйесі**

Кіріспе

«Қазақстан – 2050» Стратегиялық даму жағдайында техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғыртуға, кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелеріне, білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінеді. Міндеттерді орындау үшін техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық моделі әзірленеді. Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрлерін үйлестіретін техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық моделін қалыптастыру қазіргі заманғы білім берудің объективті қажеттілігі болып табылады. Мұндай модельді құру білім мазмұнын, оқыту әдістерін, ғылым мен өндірісті интеграциялауды өзгертуді талап етеді. Қазіргі заманғы білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің түйінді міндеттері ел дамуының ұзақ мерзімді пайымын айқындайтын құжаттарда көрсетілген: Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасын индустриялық - инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы 1- қыркүйектегі Жолдауы .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларында, Президент Жолдауында баяндалған нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында Талғар агробизнес және менеджмент колледжі өзінің алдына еңбек нарығының ағымдағы және перспективтік қажеттіліктеріне сәйкес келетін кәсіптік техникалық мамандарды даярлау тиімділігін арттыру міндеттерін қояды.

2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары миссияны, пайымдауды, колледж жұмысының негізгі бағыттарын қамтиды, миссияны іске асыруға бағытталған мақсаттарды, міндеттерді айқындайды.

Даму стратегиясының заманауи редакциясы 2023 жылғы 28 тамызда "Алматы облыстық білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің «Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің» МКҚК педагогикалық кеңесінің отырысында қабылданды (№1 хаттама).

1. Колледж миссиясы және көзқарас, мақсаты

Колледж миссиясы таңдаған кәсіби сала қызметінде көшбасшы бола білу және заманауи жаһандану үрдісіне орай бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Көзқарас - қоғам және жұмыс беруші талаптарына жауап беретін, жоғары технологиялық өнеркәсіп салалары қажеттілігі үшін кәсіби және бәсекеге

қабілетті мамандар даярлау бойынша Қазақстанда және халықаралық білім беру кеңістігінде танымал болу.

Мақсаты – заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру есебімен сапалы мамандарды даярлау.

1.1 Колледждің төл құжаты

Атауы	"Алматы облыстық білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талғар агробизнес және менеджмент колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Жоспарды әзірлеу үшін негіздеме	1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.12.2019ж. №988 қаулысымен бекітілген білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы; 3) Даму стратегиясы: білім беру бағдарламаларын нәтижелі орындау арқылы өзінің кәсіби әлеуетін іс жүзінде іске асыра алатын агроөнеркәсіп саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды жүзеге асыру, бұл колледжді Республикада осы бейіндегі жетекші оқу орны ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. 4) "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. 5) Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. 6) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 7) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы № 113-ө Заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықты қаттілерін; педагогика және

	психология негіздерін, қазіргі педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық мәселелерін; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелер мен нормаларын.
Жоспардың мақсаты мен міндеттері	Жоспардың мақсаты: Білім беру бағдарламаларын нәтижелі орындау арқылы өзінің кәсіби әлеуетін іс жүзінде іске асыра алатын агроөнеркәсіп саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды жүзеге асыру, колледжді республикада осы бейіндегі жетекші оқу орны ретінде көрсетуге мүмкіндік беру. Жоспардың міндеттері: 1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту. 2. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. 3. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 4. Экономиканың қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлаудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету. 5. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. 6. Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру. 7. WorldSkills қозғалысын жандандыру және дуальді оқыту нысанын кеңейту, тәлімгерлерді тарта отырып, басқа мамандықтар (ӘМК) бойынша дуальды оқытуды тарату және оларға қаржылық қолдау көрсету үшін, Жұмыс берушілермен бірлесіп «Ветеринария» мамандығы бойынша базалық құзыреттілік орталығын құру.
Жоспарды іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2023 – 2027 жылдар, оның ішінде: 1) 2024 – 2025 жылдар - дайындық кезеңі; 2) 2025 – 2026 жылдар - қалыптасу кезеңі.

Мамандықта р	07310300 – «Жерге орналастыру» 4S07310302- «Техник-жерге орналастырушы»
	07161300«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» 3W07161303-«Автомобиль көлігін жөндеу шебері»
	07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 4S07130704-«Техник-электромеханик»
	06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» 3W06120101- «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы»
	06130100-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) 4S06130103-«Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы»
	04110100-«Есеп және аудит» 4S04110102 «Бухгалтер»
	08410100- «Ветеринария» 4S08410104-Ветеринарлық техник 3W08410103-«Ветеринарлық санитар»
	07211300 Тағам өндірісінің технологиясы 3W07211301 Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін дайындау, мұздату және регенерациялау жабдықтарының операторы

1.2. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

Колледж өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын, Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алады.

«Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» МКҚК - бұл күрделі міндеттерді шешуге және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге жол ашатын, оқытудың жаңа тәсілдерін іске асыру үшін лайықты дәстүрлері, үлкен әлеуеті және кең мүмкіндіктері бар қазіргі заманғы, белсенді дамып келе жатқан арнаулы орта оқу орны. Колледжде көп жылдық педагогикалық өтілі бар тәжірибелі

педагогтар жұмыс істейді. Оқытушылар құрамының саны 82 адамды құрайды. Біліктілік санаты бойынша педагог қызметкерлердің саны: шебер – 1, зерттеуші -4, сарапшы -4, модератор – 29, Педагог- 44, Магистрлар саны -16.

«Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» мемлекеттік коммуналдық- қазыналық кәсіпорны білім беру қызметін келесідей құжаттар негізінде жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Алматы облысының Білім саласындағы департаменті.

№ 13016695 24.10.2013 ж Нұр-Сұлтан қаласы Аккредиттеудің Тәуелсіз Қазақстандық орталығының «Институционалдық аккредиттеу» куәлігі алынды. Тіркеу нөмірі: ІА №0051.

Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылдың 11 қарашада бекітілген 2022 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2023 жылы Алматы облысы, Талғар қаласы «Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесі мемлекеттік аттестатталды.

«Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» жарғысының бекітілген күні. 10.06.2013 жыл

Білім ордасы лицензиядағы 8 мамандық бойынша білім беруде. Лицензиямен анықталған бақылау нормативтері орындалуда. Оқыту нысаны күндізгі бөлімде. Колледж құрылымында – 3 бөлім, 5 – кафедра меңгерушілері және басқа да қажетті әкімшілік-басқару бөлімшелері бар.

Колледж жарғысы, Ұжымдық шарт, колледж жұмысын реттейтін ішкі еңбек тәртібі ережелері, басқа да ережелер, нұсқаулықтар, штаттық кесте және т.б. Талғар агробизнес және менеджмент колледжі заңды қызмет етуі үшін нормативті- құқықтық базамен қамтамасыз етілген.

Колледж қызметін анықтап, реттейтін құқықтық базаны құру және жетілдіру бойынша жұмыстар өткізіледі. Барлық бөлімшелерде облыстық мұрағатпен келісілген істер номенклатурасына сәйкес, іс жүргізу ұйымдастырылды.

Колледж жергілікті бюджет, республикалық бюджет және кірістен түсетін басқа да қаражат есебінен қаржыландырылады. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен коммуналды қызметтер, басқа да ағымды шығындар, ағымды жөндеу шығындары жабылады. Жалақы, шәкіртақы, жәрдемақы төлемдері уақытылы және толық көлемде төленеді.

Материальды-техникалық, ақпараттық және кітапханалық ресурстар.

- 1) Жобалық қуаттылығы: 980 орын;
- 2) Жалпы ғимарат ауданы: 7353 шаршы метр
- 3) Жер учаскесі: 389 га;
- 4) Жатақхана: жоқ;
- 5) Асхана: 100 орын;

- 6) Акт залы
- 7) Спорт (тренажерлық) залы, спорт алаңы;
- 8) Медициналық пункт

Салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жалпы алаңы 537,3 ш.м. спорт залы, 90 ш.м. 2023-2024 оқу жылында күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

240 орынды акт залы бар.

Internet желісі – бар;

жергілікті желілер саны-3;

компьютер саны – 152;

ноутбук саны- 31

моноблок саны- 35;

мультимедиялық құрылғылар саны – 15;

оқу дәрісханалар саны –47;

зертханалар саны – 24;

компьютерлік сынып–8;

шеберхана саны – 6

Пандус, жеке дәретхана, үзіліс уақытында отырып, демалатын орындар бар.

Тамақтануды ұйымдастыру үшін 100 орынды асхана бар, күрделі жөндеу жұмысы жоспарлануда.

Қызметкерлер мен білім алушыларға медициналық қызмет көрсету медициналық пункт және аудандық емхана көмегімен қамтамасыз етіледі.

Кітапхананың жалпы алаңы - 360 ш.м., оқу залы 25 орынды. Кітапхананың жалпы кітап қоры 55 686 мың дана, оның ішінде 24 416 мың дана оқу және оқу-әдістемелік құралдар.

1.3. Қызметті дамытудың негізгі параметрлері

Сыртқы ортаны талдау

Сыртқы орта мүмкіншіліктері: қоғамда ақпаратты-коммуникациялық технологияларды қолдануды кеңейту; интернет желісі сапасының артуы; аймақта жаңа кәсіпорындардың ашылуы; жақсы демографиялық ахуалдың есебінен талапкерлер санының өсуі; ақпаратты-коммуникациялық өнімдерге тұрғындар сұранысының өсуі. Сыртқы ортаның қауіп-қатері демографиялық жағдайдың өзгеруі; елімізде қажетті оқу-өндірістік құралдарды өндірушілердің жоқтығы; экономикалық дағдарыс.

Ішкі ортаны талдау

Колледждің күшті жақтары: білікті қызметкерлер; жақсы дәстүрлер мен беделі; оқуға қолайлы жағдай; интернет желісіне қосылған локалді жүйе; қазіргі құрал-жабдықтармен жасақталған материалды-техникалық база, оқытушылардың оқу-әдістемелік материалдарды жеткілікті жасақтаулары, «КАБИС» жүйесі базасында электронды кітапхананың жасауы, өндірістік оқыту шеберлері мен тәжірибелі оқытушылардың жеткілікті болуы, әлеуметтік серіктестермен байланыстың күштілігі, жұмысшы мамандықтарына лицензиялау жұмыстарының жеткілікті атқарылуы мен жаңа мамандықтар ашу.

Колледж тарихы өткен ғасырдың 18 жылдарынан басталады, М.Бейсебаев атындағы Талғар агробизнес және менеджмент колледжі 1918 жылы қазан айында Верный қаласында кең профильді агрономдар дайындайтын Жетісу орта ауылшаруашылық училищесі болып, Жетісу жұмысшы және солдат депутаттарының 1918 жылы 12 қыркүйектегі Қаулысымен Верный төменгі ауылшаруашылық мектебі негізінде құрылған. Алғашқы қабылданған оқушылар саны 29. Ал, 9 адамнан құралған бірінші түлектерін 1929 жылы жығарды. Сол жылдардан бері техникумның атауы бірнеше рет өзгерді. 1930 жылы Алматы политехникумы болып Талғар станицасына (қазіргі Талғар қаласына) көшірілді, ал 1936 жылдан бастап Талғар ауылшаруашылық техникумы, 1995 жылдан Талғар ауылшаруашылық колледжі болып қайта аталды. 1997 жылы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасы Өкіметінің №1485 Үкімімен Талғар агробизнес және менеджмент колледжіне М.Бейсебаевтың есімі берілді.

100 жылдық мерейтойын атағалы отырған қасиетті қара шаңырақ - Талғар қаласының төрінде, Қазақстанның Конституциясын тұңғыш жазған Тұрар Рысқұлов пен елімізді 40 жылдай басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев аталарымыздың атындағы көшелердің қиылысында орналасқан.

Колледж тарихына Ұлы Отан соғысы жылдарындағы беттері де жазылған. Атап айтсақ, сұрапыл 1942 жылы осы техникум қабырғасында Бауыржан Момышұлы соғысқан 8-гвардиялық Панфилов дивизиясының 1073 Талғар полкы жасақталған. 1942 жылы Б. Момышұлы басқарған полк Мәскеуге 31 шақырым қалғанда, неміс басқыншыларын талқандап, кері қайтарғандардың алғашқылары болған. Соғыстың соңына қарай Б. Момышұлы Гвардия дивизиясын басқарды. Осы дивизия құрамында біздің түлектеріміздің бірі техникум директоры А.Н. Нүсіпбеков соғысқа қатысқан. Ұлы Отан соғысы жылдары техникумнан 150–ден астам оқушылар және оқытушылар мен қызметкерлер арасынан 23 адам майданға аттанған. Бұлардың барлығы Ұлы Отан майдандарында ерлікпен соғысып тың және тыңайтқан жерлерді игеруге өз үлестерін қосты.

Колледж ұжымы бүгінде Елбасының дәстүрлі жолдауларында көрсетілген тапсырмалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жолында талай жетістіктердің биік шыңына жетіп жүр.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде колледждің педагогикалық ұжымы көптеген жетістіктерге жетуде. Атап айтсақ, өткен 2019-2023 оқу жылдары ішінде біраз жетістіктерге қол жеткізді, мысалы :

- Облыстық «Үздік кәсіптік білім беру ұйымы- 2022» байқауынан «Шебер колледж» номинациясы;
- «Көлік және байланыс саласы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің аймақтық кәсіби шеберлік-2022» байқауынан Тоқусбаев Б.А. СЕРТИФИКАТпен марапатталды;
- «Облыстық білім беруді дамыту оқу- әдістемелік орталығы КММ-2022» ұстаздар күніне орай Дүйсеқожа А.Қ. ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫмен;

- «Қазақстан Республикасы президентінің АЛҒЫС ХАТЫ-2022» Бозымбекова Д.Б.
- «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы , техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы ауылшаруашылығы саласы бойынша Республикалық кәсіби шеберлік конкурсы-2022» Жумадилов Е.К. АЛҒЫС ХАТ;
- «Алматы облысы Білім беру мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіп одағы-2022» Жумадилов Е.К. ГРАМОТА;
- «Талғар қаласының әкімінің аппараты-2022» Утепбергенова К.У АЛҒЫС ХАТЫ;
- «Талғар аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы-2022» Елакынова Б.Б МАДАҚТАМА;
- «Алматы облысының білім басқармасы-2022» Жоламанова А.Т. ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ;
- «Талғар ауданының әкімі-2022» Далелхан Б. ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ;
- «Халықаралық ғылым мен білімнің инновациялық әдістеме орталығының І Республикалық оқушылар арасында өткізілген «Жас дарын-2022» атты ғылыми жобалар» Бақтыбай Нұрдаулет 1 дәрежелі диплом;
- «Ұшқыр Республикалық орталығы» қазақ тілі пәнінен олимпиадан Бектұрған Айбол 1 дәрежелі диплом ;
- «Ұшқыр Республикалық орталығы- 2022 ж» қазақ тілі пәнінен 1 дәрежелі диплом Жандосұлы Мирас;
- «Колледж студенттері арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қанипа Бітібаева атындағы олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін Қосқұлақ Жарас Алғыс хатпен- 2022 ж марапатталды;
- «Колледж студенттері арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қанипа Бітібаева атындағы олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін Нұрданбек Ақбота Алғыс хатпен- 2022 ж марапатталды;
- ҚР Оқу- ағарту министрінен «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті- 2022» конкурсы Лұкпанова Н.Е. ДИПЛОМ;
- «Талап коммерциалық емес акционерлік қоғамы» Құлжабекова Л.К. АЛҒЫС ХАТ;
- «WORLD SKILLS TALDYKORGAN-2022» чемпионатының «Ветеринария» құзыреттілігі бойынша ІІІ орын Бексұлтан С.Б. ДИПЛОМ;
- Алматы облыстық білім басқармасы «WORLD SKILLS TALDYKORGAN-2022» чемпионатының «Ветеринария» құзыреттілігі бойынша Сейілбек С. АЛҒЫС ХАТ;
- «Алматы облысы білім басқармасы дене тәрбиесі, спорт, АӘД қосымша білім беру ғылыми- тәжірибелік орталығы» колледж ерлер арасындағы ДИПЛОМ;
- «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯ, ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ-2021» қоғамдық қоры Баймуханова Г.И. ДИПЛОМ;

- «WORLD SKILLS TALDYKORGAN-2021» чемпионатында «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілігі бойынша Жөкен Д.Б. СЕРТИФИКАТ және ДИПЛОМ;
- «Республикалық қосымша білім беру оқу- әдістемелік орталығы» Узбекова А.К. АЛҒЫС ХАТ;
- «Талғар ауданының әкімі-2021» Далелхан Б. АЛҒЫС ХАТ;
- USHQYR Республикалық білім беру орталығы ұйымдастырылған олимпиада I дәрежелі Диплом- Жақсылықова Аяулым -2022ж.
- 11.USHQYR Республикалық білім беру орталығы ұйымдастырылған олимпиада I дәрежелі Диплом- Шведова Ангелина -2022ж.
- 12. Алматы қаласындағы колледж студенттері арасында орыс тілі пәнінен Республикалық олимпиаданың 3-дәрежелі дипломы- Даулекызы Айдана-2020ж.
- 13. Алматы қаласындағы колледж студенттері арасында орыс тілі пәнінен Республикалық олимпиаданың 1-дәрежелі дипломы- Сагадат Ихсана-2023ж.
- 14. Алматы қаласында колледж студенттері арасында өткен Республикалық олимпиадада 2 орын алған Коскулаков Жарас-2023ж.
- 15. Алматы облысының ветеринария мамандықтарының арасында 2023 жылы «AgroSkills - Taldykorgan» облыстық конкурс байқауында 2- ші орын иеленді.

1.4. Ұйымның қызметіндегі мықты және осал жақтарға талдау (SWOT)

S (Strenght) – мықты жақтары	W (weakness) – осал жақтары
– білім беру қызметі нарығында тұрақты бедел; – аймақта сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлау; – белсенді кәсіптік бағдарлау жұмысы және колледждің имиджін қалыптастыру бойынша ұдайы жұмыс жасау; – тұрақты жұмыс істейтін және жеткілікті кәсіби ұжым; – колледждің жақсы оқу- материалдық базасы;	– кейбір мамандықтар бойынша жұмысқа орналасудың, ЖОО-на түсудің жеткіліксіз деңгейі; – өндірістен ауыстырылған кәсіби кадрлар тапшылығы, оқытушылар және ӨО шеберлерінің жеткіліксіз тәжірибелік дағдылары; -жеке мамандықтар бойынша зертханалық базаның осал тұстары; – жабдықты сатып алу үшін резервтік қаржы қорының болмауы, бюджет тарапынан жеткіліксіз деңгейде қаржыландыру.

– әлеуметтік серіктестік және жұмыс берушілердің ұдайы артуы; – қаржылық тұрақтылық; – кадрларды даярлауды меңгеру және мобильділік, әлемдік нарыққа шығу.	
О (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер (әлеуетті оң сыртқы факторлар)	Т (treat) – қатерлер (әлеуетті-жағымсыз сыртқы факторлар)
– курстық даярлауды, қайта – даярлауды және біліктілік арттыруды жүргізу; – колледж оқытушыларының мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мүмкіндігі; – оқытушыларды және білім алушыларды түрлі деңгейдегі ғылыми конкурстар мен басқа да шараларға қатыстыруға ынталандыру – жүйесін әзірлеу.	– демографиялық процестер және – көші-қоны жағдайлары – білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестік; – еңбек нарығында өзгермелі экономикалық жағдай, мамандардың көп болуы, 5 жылдан кейін жеке мамандықтарға сұраныстың болмауы.

2. Дамытудың стратегиялық бағыттары: мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Білім беру бағдарламаларын нәтижелі орындау арқылы өзінің кәсіби әлеуетін іс жүзінде іске асыра алатын, бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды жүзеге асыру, бұл колледжді республикада осы бейіндегі

жетекші оқу орны ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Дамудың басым бағыттары бойынша негізгі іс-шаралар тізімі:

Ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:

Колледждің кешенді даму келешектеріне сәйкес, нормативті-құқықтық базаны құру, қолдану, дамыту.

Білім беру саясаты саласында:

Жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу, жұмыспен қамту орталығы ақпараты негізінде аймақтық экономиканың еңбек ресурстарына қажеттілігін зерттеу. Аймақтық еңбек нарығында өткізілген мониторинг және білім беру қызметіне сәйкес, мамандар даярлау бағдарламасының тізімін кеңейту, жаңа мамандықтар ашу. Жұмыс берушілер мен түлектердің қажеттілігін ескере отырып, МЖМБС талаптарына сәйкес, мамандар даярлау бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Тәрбие қызметі саласында:

Патриоттық және азаматтық тәрбие бойынша мақсатты жұмыстарды ұйымдастыру. Білім алушылардың олимпиада, байқау, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуын ұйымдастыру және қолдау. Тәрбие қызметін ұйымдастыру және өткізу бойынша ақпараттық және ғылыми-әдістемелік материалдарды қамтамасыз ету.

Ғылыми және инновациялық қызмет саласында:

Инновациялық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысатын педагогикалық қызметкерлерді, білім алушыларды байқау негізінде ынталандыру. Практикалық оқыту рөлін нығайтуға бағытталған жаңа білім беру технологияларын енгізу. Білім алушылардың олимпиада, байқау, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуын ұйымдастыру және қолдау.

Ақпараттандыру саласында:

Оқу үрдісіне ақпараттық-текоммуникациялық технологияларды енгізу; Колледждің ақпараттық базасын жетілдіру. Түрлі оқу қызметінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды тиімді қолданатын педагогикалық қызметкерлерді марапаттау жүйесін құру; Оқытушылардың оқу-әдістемелік жасалым банкін құру және түзету.

Әлеуметтік серіктестік және қоғамдық байланыс саласында:

Кәсіптік бағдар жұмысы негізінде жалпы білім беретін мектептермен ынтымақтасу. Модульді-құзыретті бағдар аясында оқу және өндірістік тәжірибені ұйымдастыру бойынша әлеуметтік серіктестік туралы жұмыс берушілермен келісім-шарт жасау. Қосымша кәсіптік білім беру

бағдарламаларын дамыту, колледж базасында орта буын мамандары мен жұмысшы кадрларды (қызметкерлерді) қайта дайындау және біліктілігін көтеру.

Колледждің кәсіптік бағдар қызметі саласында:

Колледждің кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру. Бірінші курс білім алушыларының сапалы жинақталуы мақсатында мектеп түлектерінің тұлғалық бағыты мен еңбек нарығының сұранысына негізделген кәсіптік бағдар жұмысының жаңа үлгілерін әзірлеу және енгізу. Жастардың кәсіби таңдауын қолдауға бағытталған баспа және медиа өнімдерді шығару;

Жалпы білім беру ұйымы түлектерін колледждіге оқуға тарту мақсатында ашық есіктер күнін өткізу. Колледждің ресми сайтында кәсіби дайындық және қосымша кәсіптік білім бағдарламалары бойынша ақпарат орналастыру.

Материалды-техникалық база саласында:

Мекеменің материалды-техникалық базасын заманауи білім беру үрдісін жабдықтауға қойылатын МЖМБС талаптары деңгейіне дейін дамыту. «Талап» КЕАҚ-ның ұйымдастыруымен өтетін «Жас маман» бағдарламасына қатысу арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту.

Кадрлы әлеуетті дамыту саласында:

Жас оқытушыларды ынталандыру жүйесін әзірлеу және енгізу. Оқу үрдісіне МЖМБС ұсынған инновациялық білім беру технологияларын, әзірлемелерді енгізумен айналысатын педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру жүйесін әзірлеу және енгізу. Колледж оқытушыларын жаңа білім бағдарламалары бойынша біліктіліктерін арттыру.

Әлеуметтік салада:

Қиын өмірлік жағдайда материалды қолдау арқылы колледж білім алушылары мен қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеру. Білім алушылардың толық қамтылуын ұйымдастыру арқылы тәуекел тобы білім алушылары мен әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың мінез-құлықтарының алдын-алу. Колледждің санитарлы-гигиеналық жағдайын қолдау және жақсарту.

Біліктілік көтеру және кадрларды қайта даярлау саласында:

Білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша шығармашылық топ құру. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру. Дайындық бағыттары бойынша педагогикалық қызметкерлердің кәсіпорындарда тағылымдамалар өтуі. «Талап» КЕАҚ-ның ұйымдастыруымен өткізілетін курстарда оқытушылардың біліктіліктерін арттыруын жалғастыру.

3. Күтілетін нәтижелер

«Талғар агробизнес және менеджмент колледжі» МКҚК-ның Стратегиялық даму жоспары «2023-2027 жылдарға арналған» Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі заманауи реформалар мен трансформацияларды ескеретін құжат болып табылады. Колледждің қабылданған стратегиялық жоспары сыртқы және ішкі ортаны талдауға негізделеді және білім беру сапасын арттыруға, оқу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін дамытуға, түлектердің талап етілуіне, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жастарды тәрбиелеуге, сондай-ақ барлық үдерістердің транспаренттілігіне, педагогикалық адалдық пен этика қағидаттарын сақтауға бағдарланған.

Білім беру жүйесі талантты педагог қызметкерлердің ұсталуына ықпал етуі тиіс. Оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға олардың уәждемесін күшейту үшін педагогтердің еңбек жағдайларын жақсарту. Содан кейін келесі нәтижелерге қол жеткізіледі деп күтілуде: Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің оқытушылары үздіксіз кәсіби дамуды және оқыту практикасын одан әрі өзгерту мен жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және білім алушылар білімінің сапалы өсуіне кететін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында біліктілікті арттыру курстарынан өтетін болады.

Мамандықтың беделін арттыруға ықпал ететін ақпаратты орналастыру арқылы педагогтің оң бейнесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Волонтерлік клубтың қызметіне және спорттық секциялар мен іс-шараларға тартылған білім алушылардың санын ұлғайту жоспарлануда. Нәтижесінде білім алушылардың әлеуметтік осал санаттарын қолдау тетігін жетілдіру жоспарлануда. Колледждегі жұмысқа орналастыру және түлектердің жеке кәсіби даму траекториясын құруға жәрдемдеседі, құзыреттілік орталықтары үздіксіз білім алуға және өз құзыреттері мен перспективаларын кеңейтуге дайын білім алушылар мен мамандардың кәсіби өсуіне, оның ішінде онлайн курстар мен қашықтықтан оқыту арқылы ықпал ететін болады.

Білім алушылардың сапасын бағалаудың жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша енгізілетін болады: студенттердің практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихан түрінде WorldSkills тәсілі бойынша студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесі.

«Талап» КЕАҚ өткізетін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының рейтингіне қатысуды жалғастыру жоспарлануда. Педагогтердің сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесі аттестатталатын педагогтердің ұлттық біліктілік тестілеу рәсіміне қатысуы арқылы педагогтің кәсіби стандартының

талаптары негізінде аттестаттау арқылы жүргізілетін болады. «Экономиканың қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлаудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету» белсенді жұмысы жүргізіліп жатқан колледждің негіз қалаушы бағыттарының бірі.

Біріншіден, дуальді оқыту жүйесі 6 мамандық бойынша енгізілді.

- 07130700 – Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша);
- 07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану;
- 07211300 - Тағам өндірісінің технологиясы;
- 07310300 - Жерге орналастыру;
- 08410100 Ветеринария.
- 06130100-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша).

Екіншіден, Талғар ауданының әкімшілігіне қарасты «Ветеринарлық пункттері бар Талғар ауданының ветеринариялық станциясы» МҚК «Алматы облысының ветеринария басқармасы» ММ –нің басшысы С.М.Парпиевпен «Ветеринария» мамандығы бойынша меморандумға қол қойылып, жұмыстар жүргізілуде.

Бұл көрсеткішті тұрақты ұстап тұруға тырысамыз, сондай-ақ осы оқу жылында жалпы білім беру пәндерін оқыту кезінде жаңартылған білім беру мазмұнына көштік. Кәсіптік стандарттар негізінде енгізілген өзектендірілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларының үлесін ұлғайту, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы колледждерінің Топ-100 студенті» жобасына қатысқан колледж студенттерінің санын ұлғайту жоспарлануда (өңірлік турға биыл 1 адам қатысты, біреуі республикалық турға өтті, біз оған қатысамыз).

WorldSkills аймақтық және Ұлттық қозғалысына қатысатын студенттер санын көбейту жоспарлануда, өйткені колледждің «Ветеринария» және «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары осы жобаның құзыреттеріне сәйкес келеді.

Колледжде құрылатын құзыреттер орталықтары үздіксіз білім алуға және өз құзыреттері мен перспективаларын кеңейтуге, оның ішінде онлайн курстар мен қашықтықтан оқыту арқылы кеңейтуге дайын білім алушылар мен мамандардың кәсіби өсуіне ықпал ететін болады.

Экономиканың қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес келу мақсатында индустриялық кеңес енгізілді, жұмыс істейді және жетілдірілетін болады. Колледждің оқу-тәрбие үрдісінде отбасылық құндылықтар мен отбасы институтының маңыздылығы дәріптелетін болады, атап айтқанда, «Болашақ» қыздар клубы өз қызметін дамытып, жетілдіретін болады.

Білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу мақсатында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтың рөлі күшейтілетін болады. Колледж білім

алушыларын спортпен айналысуға тарту үшін спорт түрлері бойынша жыл сайынғы спартакиадаларға қатысатын боламыз: қазір бізде өзіміздің жеке спорт залдары, сондай-ақ ашық ауадағы алаңы бар. Осы тұрғыда спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесін арттыру.

Стратегиялық даму жоспардағы нәтежелер:

Түлектердің және еңбек нарығына бейімделген мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Барлық білім беру бойынша колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Қаржы қаражатын дұрыс пайдалануының тиімділігін арттыру.

Колледждің кадрларды даярлау кезінде қолжетімділігін және сапасын арттыру.

Білім алушылардың оқу материалдары мен білім беру ақпараттық ресурстарына оп-line қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Республикада қажетті мөлшерде және тиісті біліктілікте жаңа формациядағы педагогтарды қалыптастыру.

Колледж қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру жүйесін, жалақының икемді жүйесін басым енгізу оқытушылар құрамы.

Нарық қажеттіліктеріне сәйкес келетін үздіксіз кәсіптік білім берудің икемді жүйесін қалыптастыру студенттер мен түлектердің кәсіби, мансаптық және жеке өсуіне ықпал ететін еңбек.

Кәсіптік білім берудің кредиттік-модульдік оқу бағдарламаларының санын ұлғайту.

Әлеуметтік әріптестік жүйесінің жұмыс істеуінің тұрақтылығы.

4. Ұйымның стратегиялық картасы

Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру үшін келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

4.1 Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету

- инновациялық білім беру жүйесін дамыту;
- бәсекеге қабілетті, білікті тәжірибелік бағытталған техникалық мамандарды даярлау;
- «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасына қатысу;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды қабылдауды арттыру;
- «Жас маман» жобасы аясында 180 колледж қатарына ену;
- Европалық деңгейдегі кәсіптік білім беру стандарттарын білім беру ұйымына енгізу;

- халық аралық білім беру стандарттарына сай мамандарды дайындау;
- білім беру қызметі сапасын бақылаудың заманауи механизмдерін қолдану (оқу-өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, рейтинг, мемлекеттік аттестаттау, институционалдық және мамандандырылған халықаралық бағалау (аккредитация)).

ТЖКБ мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бағдарламаларын дамыту саласында заманауи қоғам және әлеуетті жұмыс берушінің еңбек нарығы қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейге жету.

2024 жылға дейін ағылшын тілінде кадрларды жеке даярлау жүйесін енгізу. Кадрларды сапалы даярлау ғылым және техниканың соңғы жетістіктері, мамандығы бойынша тәжірибе жұмысы дағдыларының болуы, пәнаралық дағдылар, білім алушының кәсіпкерлік, әлеуметтік жауапкершілікті танымын қалыптастыратын заманауи білімді меңгеруінде. Жаңа мамандықтарды ашу қажеттілігі аймақтың экономикасының даму деңгейіне байланысты анықталады.

Инженер-педагог қызметкерлердің ғылыми-инновациялық қызметін дамыту -кадрлардың біліктілігін арттыру(қайта даярлау, біліктілікті арттыру, педагогикалық тәжірибе диссимиляциясы, магистрлер диссертацияларын қорғау, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу);

- халықаралық деңгейде біліктілік арттыру курстарына қатысу,тәжірибе алмасу;
- ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

4.2. Оқыту сапасын арттыру

Оқыту сапасын арттыру үшін алдымен колледжде алдымен оқытушылардың сапалық құрамын дамыту қажет ол үшін:

- арнайы пән оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету бұл білім алушылардың өндірістегі соңғы технологияларды меңгеруіне ықпал етеді;
- Еуропалық деңгейдегі кәсіптік білім беру стандарттарын білім беру ұйымында енгізу;

4.3.Ғылыми- зерттеу жұмысын дамыту

Басымдық пен жоғары сапалы ғылыми зерттеулер Жоғары аграрлық-техникалық колледжінде халықаралық аренасына шығуда маңызды даму компоненттері болып табылады. Осы бағытта тәжірибе алмасу бойынша басқа елдің зерттеушілерімен ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс орнату.

4.4.Білім беруді автоматтандыру

Қазіргі кезде білім беру процесін автоматтандыру кез-келген прогрессивті

білім беру мекемесі қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.білім беру процесін автоматтандыру «классикалық» оқытудың мүмкіндіктерін заманауи ақпараттық технологиялармен оқытушы мен білім алушының өзара іс-қимылын автоматтандыруға негізделген оқытудың бағдарламалық ортасын құру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Оқу процесін автоматтандыру Талғар агробизнес және менеджмент колледжіне келесі мүмкіндіктерді береді:

- инновациялық технологияларды егізу арқылы оқу процесін оңтайландыру;
- қашықтан оқыту жүйесін дамыту;
- білім алушылар мен оқытушылардың жұмысын үйлестіру.

4.5.Әлемдік тенденцияларға сәйкес инфрақұрылымды және материалдық-техникалық базаны дамыту

- кадрлар даярлау үшін қажетті құрал-жабдықтар бойынша ұсыныстар жасау;
- Еуропалық стандарт талаптарына сай оқу кабинеттерін жөндеуден өткізу;
- халықаралық деңгейдегі оқу-құрал жабдықтарымен жабдықтау.

4.6.Халықаралық серіктестік және стратегиялық серіктестік:

- әлеуметтік серіктестіктермен қарым-қатынасты кеңейту;
- «Құзыреттілік орталығы» шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту (Великобритания, Германия, АҚШ, Швейцария және басқа);

Жаңа жобаларды жүзеге асыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы халықаралық бастамаларды дамытуды қолдау.ТМД және шетел мемлекеттерінің оқу ұйымдарымен стратегиялық серіктестік орнату және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Колледж базасында шетел серіктестерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру шетелде, колледж базасында тағлымдама және кадрларды даярлау бағдарламасын жетілдіру, шетел серіктестерін қатыстыру.

4.7. Менеджмент және колледж инфрақұрылымын дамыту:

- алғашқы үздік колледж қатарына кіру;
- оқу процесін қамтамасыз ету бойынша сапалы жаңғырту және материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024	2024-2 025	Ағымдағы жағд
--------------	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------

Білім алушылар саны, адам	650	598	745	854	Көрсеткіштің төмендеуі байқалады
Техникалық мамандықтар бойынша білім алатындар саны, адам. %білім алушылардың жалпы санынан					Техникалық мамандықтар бойынша даярлау жұмысы Бірқалыпты деңгейде екендігі байқалады
Колледж және әлеуметтік серіктестіктер арасында қол қойылған келісімдер саны(меморандум) , бірлік	37	55	75	124	Колледж және әлеуметтік серіктестіктер арасында жасалған меморандумдар саны артты
Жұмыспен қамтылған тұлғалар саны, %	69	74	78	80	Мамандықтар бойынша жұмысқа 85% құрайды.
Біліктілігін арттырған колледждің педагогикалық қызметкерлерінің саны, оның ішінде шетелде, адам				1	Колледжде педагог қызметкерлерінің біліктілік арттыру көрсеткіштері артты
Орнатылған интерактивті оқу жабдығы саны, бірлік.	8	8	8	15	Интерактивті жабдықтың қолданылуы қалыптас

6. Стратегиялық бағыттар шеңберіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекел түрлері	Ықпал	Мүмкіндік	Тәуекелді шарасы
1. Басқарушы тәуекел	жоғары	орта	ҚР Білім беру заңнамасында, стандарттағы өзгерістер, лицензия талаптары бойынша ұдайы мониторинг
2. Қаржылық тәуекел - әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шиеленісуі. - еңбек нарығында өзгертпелі экономикалық жағдай, мамандар санының өсуі, 5 жылдан кейін жеке мамандықтардың сұранысы болмауы	жоғары	жоғары	- Қаржыландырудың қосымша көзі - кадрларды алдын ала даярлау үшін еңбек нарығын талдау - ҚР заңнама базасы мониторингі - халықтың кірістер мониторингі
3. Бәсекелестіктің арту тәуекелі - білім беру қызметі нарығында бәсекелестік	жоғары	орта	- кадрларды сапалы даярлауды жетілдіру, жаңа технологиялар және әдістерді енгізу; - мектеп және ата-аналармен бірлесу арқылы үздіксіз кәсіптік бағдарлау жүйесін жасау
4. Демографиялық тәуекел - демографиялық процестер және көші-қон жағдайлары.	орта	жоғары	- 9-11 сыныптар контингентін зерттеу бойынша аудандық және қалалық білім беру бөлімдерімен өзара әрекет жасау

5.Басқарушы тәуекел	жоғары	жоғары	-нақты жұмыс бөлімі үшін өкілеттікті және жеке жауапкершілікті үйлестіру; -стратегияның негізгі ережелерін түсіндіру үшін жұмыс топтарын құру; -педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік отырыстары, циклдік комиссияның жеке нәтижелерін талқылау; -журналдар, аттестаттауды талдау негізінде қойылған мақсаттар және міндеттердің жоспарлы және нақты көрсеткіштерінің ай сайынғы мониторингі; -оқытушылардың және білім алушылардың жоғары көрсеткіштерге жету уәждемесі (моральдік және материалдық); -курстық даярлық, тағлымдама, өзін-өзі жетілдіру, конкурстарға қатысу арқылы оқытушылар мен ӨО шеберлерінің біліктілігін арттыру; -ақырғы нәтижеге қол жеткізуде ортақ жауапкершілік үшін шешім қабылдау және жағдай жасауда ұжымды тарту .
-----------------------------------	---------------	---------------	--